

FTAХР 82.15.17
ӘОЖ 338.645 845

М.Е. МУНАСИПОВА,¹

Э.Ф.К.

Д.С. СУЛТАНОВ,¹

аға оқытушы.

Г.А. ТЕМІРБАЕВА,¹

магистр.

Қ.А. Яссауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті¹

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРКӘСІПТІҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

Зергерлік істің тарихында ерекше орын алған алтын қола дәуірінің басынан бері күш пен байлықтың белгісі болды; бұл тотықпайтын металл, оңай өнделетін және жылтыр сары түсті, әдеттегі жағдайларда жоғалмайды. Қазіргі уақытта зергерлік индустрия әлемдегі ең жылдам дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Әлемдегі қолайсыз жағдайға қарамастан, зергерлік индустрия әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда отандық зергерлік өндіріс саласы толықтай стагнациялық қатар алдында тұр. Қазақстан әлемдік алтын иеленушілерінің «ондығына» кіретін ел ретінде ішкі нарықта барлық зергерлік өнімнің тек 10%-ын ғана ұсынады, қалған 90%-ы дайын зергерлік бұйымдарды экспорттаушы шет елдерден келіп түседі. Осыған байланысты ол маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Қойылған мақсатқа оңтайлы жетістікпен жету үшін басқарудың қолданыстағы ұйымдық-экономикалық басқару механизмін жетілдіру және неғұрлым тиімді өңдеу қажет. Мақалада Қазақстанның зергерлік саласының қазіргі жағдайын бағалау, дамыған елдермен осы саланың дамуын салыстырмалы талдау жүргізілді, оның дамуына кедергі келтіретін проблемаларды анықтады, осы саланы дамытудың тиімді тетіктері әзірленді.

Тірек сөздер: алтын, күміс, зергерлік бұйымдар, зергерлік өндіріс, экспорт, импорт, салыстырмалы талдау, даму.

Қазіргі таңда бүкіл әлемдік нарықта қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі – зергерлік өндіріс болып саналады. Себебі зергерлік бұйымдарға сұраныс жыл сайын жоғарылауда. Мәселен, 2017 жылы зергерлік бұйымдардың сатылу көлемі 168,7 млрд доллар құраса, 2018 жылы зергерлік бұйымдардың сатылу көлемі 195,3 млрд доллардан асты.

Әлемдік Алтын Кеңесінің 2018 жылғы мәліметі бойынша дайын зергерлік бұйымдардың экспорт көлемі бойынша бірінші орынды Қытай, екінші орынды Түркия, үшінші орынды Үндістан алады екен [1].

Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде Үндістандағы дағдарысқа дейінгі зергерлік бұйымдарының өндірісі 11,3 миллиард долларды құрап, экспорттағы үлесі 41%-ға жеткен болатын. Үндістан әлемдік зергер бұйымдарының нарығында жеткілікті шикізатқа ие бола отырып, келесідей жетістіктерге жеткен:

- ♦ бағалы тастарды өңдеу мен зергерлік бұйымдар өндірісі басқада өнеркәсіптермен бірлесіп негізгі өнеркәсіпке айналған;
- ♦ экспорттық және импорттық стратегияларды қолдана отырып, жалпы және арнайы жеңілдіктер қарастырылған;
- ♦ мемлекет аймақтық стратегиялардың жүзеге асуына көмектесіп, үнді тауарларын шет мемлекеттерге өткізілуіне агенттіктер ұйымдастырған [2].

Жиырма жыл бұрын өзінің зергерлік өнеркәсібі болмаған Қытай, соңғы жылдары біршама жетістіктерге жеткен: 2018 жылдың көрсеткіштері бойынша зергерлік өнеркәсібінің айналымы 20,2 миллиард АҚШ долларына жеткен. Зергерлік бұйымдардың экспорты 5,3 миллиард АҚШ долларын құраған. Қытайда жылына үш миллионға жуық алмаз өнделіп, нәтижесінде көптеген зергерлік кәсіпорындармен компаниялар пайда болды. Зергерлік саладағы кәсіпорындар саны алғашқы 20 000-нан, қазіргі таңда екі миллионға жетті [3]. Қытайда зергерлік өндіріс негізінен ауылдық мекендерде шоғырландырылған, бұл ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартты.

РФ Сынамалық Палатасының мәліметі бойынша Ресей зергерлік өнеркәсібінде 4400 қатысушы тіркелген, оның ішінде 1300 кәсіпорын және 3100 жуық жеке кәсіпкер-зергерлер және жиырма мыңға жуық мамандандырылған зергерлік дүкендер бар. Зергерлік бұйым саласында 150000-ға жуық адам жұмыс істейді. Әлемдік нарықта Ресейдің зергерлік бұйымдары жоғары сұранысқа ие [4].

90-шы жылдары Түркияда 100–200 адам жұмыс істейтін небәрі 3 зергерлік кәсіпорын жұмыс істеген. Жиырма бес жылдың ішінде Түркияда 250 мыңнан астам жұмыс істейтін заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған 50-ге жуық кәсіпорын салынды. Зергерлік бұйым өндірісінің шоғырланған орталығы Ыстамбұл қаласы болып табылады, соңғы кездері Анкара және Измир қалаларында да зергерлік өндірістің дамуы біршама қолға алынуда. Сонымен қатар, зергерлік өндірістің белсенділігі Түркияның Шығыс және Оңтүстік шығыс аймақтарында да байқалады. Қазіргі таңда Түркия зергерлік бұйымдарды әлемнің 110 мемлекетіне экспорттайды. Түркияның зергерлер Ассоциациясының мәліметі бойынша 2018 жылы алтын құймаларын есепке алмағанда, дайын зергерлік бұйымдар бойынша экспорт көлемі 5,0 миллиард АҚШ долларын құраған [5].

Қазақстан әлемде алтын қоры бойынша 15 орынды, күміс қоры бойынша 4 орынды, ал руданың құрамындағы алтынның үлесі жөнінен 2 орынды иеленеді, алайда Қазақстанда зергерлік өнеркәсіп экономиканың баяу дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. ТМД елдерінің алтын кен орындары бойынша Ресей бірінші орында. Қазақстан, Өзбекстаннан кейінгі үшінші орында. Дегенмен жыл сайынғы алтынды өндіру 20–30 тоннадан аспайды. Ал мамандардың айтуынша, біздің еліміздің жер қойнауында он мың тоннадан астам алтын бар екен. Қазақстанның ерекшелігі – алтын кендері барлық аймақтарда бар, олардың саны екі жүзден асады [6].

Қазақстан дүниежүзілік алтын нарығының қатысушысы ретінде, сапалы алтынды, күмісті және асыл тастарды экспорттаушы және дайын зергерлік өнімдерді ірі импорттаушы ретінде саналады. Қазақстандық нарықта Ресейдің, Украинаның, Қырғызстанның, Өзбекстанның, Азербайжанның, Малайзияның, Индия, Біріккен Араб Әмірліктерінің және Түркия Республикасының зергерлік бұйымдары сатылады. Қазақстанның зергерлік нарығында үш ірі зергерлік бұйымдарды жасайтын кәсіпорындар жұмыс істейді: «Казяхювелир» (Алматы), «Kazyna gold» (Астана) және «Жемчужина» (Қарағанды) зергерлік зауыттары мен 80-ге жуық алтын және күмістен жасалған бұйымдар жасайтын ірі шеберханалар. Ай сайын 20 зергерлік бұйым ғана шығаратын қазақстандық кіші өндірушілер, технология және көлемі жағынан Қытайдың зауыттармен бәсекелесе алмайды.

Еліміздегі зергер бұйымдарының ұлттық нақышта жасалуы отандық зергерлік өндірістің даму мүмкіншілігін арттырады. Ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдарды жасау әсіресе, Алматы және Шымкент қалаларында жақсы дамыған. Ал қалған аймақтардағы шебер-зергерлер ұсақ жұмыспен айналысып, өндірген өнімдерін жергілікті нарыққа өткізеді [7].

Отандық зергерлік нарықтың бүгінгі жағдайын және әлемдік тәжірибені зерттеу осы саланың дамуына кедергі жасайтын факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Оларға жататындар:

- ♦ алтын, күміс, бағалы және жартылай бағалы тастарды сату бойынша ұйымдастырылған нарықтың жоқтығы;

- ♦ технологиялық құрал-жабдықтарды жеткізудегі кедендік төлемдердің жоғары болуы;
- ♦ заңнамалық актілердің орындалмауы;
- ♦ зергерлік саланың дамуы туралы ақпараттардың жоқтығы;
- ♦ басқару механизмдерінің жетіспеушілігі;
- ♦ салықтық, кедендік салымдар және несиелік пайыздар отандық зергер өнімдерінің өзіндік құнының жоғары болуына ықпал етеді;

- ♦ алтынның шикізат түріндегі бағасының қымбат болуы;
- ♦ отандық зергерлік нарықта шетелден импортталған сапасыз зергерлік бұйымдардың сатылуы;

- ♦ зергерлік саласындағы алдыңғы қатарлы елдердің зергерлік бұйымдарды дайындаудағы, өнімнің өзіндік құнын арттыратын және нарықтық экономика принциптеріне сәйкес келетін заңдылықтардың Қазақстан Республикасындағы нормативтік актілерге сәйкес келмеуі;

- ♦ бұйымдардың жаңа және күрделі моделдегі үлгілерін өндіріске енгізуге мүмкіндік бермей жатқан, зергерлік өндірісіндегі қазіргі заманғы технологияның жетіспеушілігі;
- ♦ асыл тастарды жоғары көлемде өндіріске енгізуді қамтамасыз ететін механизмдердің болмауы;
- ♦ әлемдік және қазақстандық нарықта қазақстандық брендтердің жеткілікті деңгейде танымал болмауы.

Қазіргі таңда Қазақстанда ең ауқымды мәселелердің бірі – зергерлік бұйымдарды жасайтын шеберлердің және дизайнерлердің жетіспеушілігі болып табылады. Республикада тек бірнеше оқу орындары ғана: «Сымбат» академиясы, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы және Ә. Қастеев атындағы колледжде «Металды көркемдік өңдеу» мамандығы бойынша мамандар дайындаумен айналысады. 2014 жылы Түркістанда «Балаларды қолданбалы өнерге үйрету мектебі» ашылып, онда мектеп оқушыларын зергерлік өнерге баулуға бағытталған. Мектепте білім алу жергілікті бюджеттен қаржыландырылады және оқу тегін жүргізіледі. Мұндай мектептің баламасы әзірге Қазақстанда жоқ. Қаржыландырудың аздығы оқушыларды зергерлік кәсіппен айналысуда қарапайым құрал-жабдықтарды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қазақстандағы атақты зергерлер өз кәсібін жанұялық кәсіпке айналдырған және жанұяның дәулеті деп қарап, онда зергерлік өнердің құпияларын толық аша бермейді.

Өзбекстан және Түркияда зергер шеберлерді дайындау жоғары дәрежеде ұйымдастырылған. Түркияда зергерлік саласындағы мамандарды даярлау колледждермен университеттерде, зергерлік компаниялардың қатысумен жүргізіледі. Мысалы, ірі зергерлік «Фавори» компаниясы 2005 жылдан бастап «Фавори Алтын Академиясының» басшылығымен зергерлік бұйымдар үлгісі бойынша сертификат беретін курстар аша бастаған. «Фавори» Түркиядағы алғашқы және бірегей компания ретінде Стамбұл техникалық университетімен бірлікте зергерлік бұйымдар өндірісіндегі үлгілерді оқып-білудегі магистратураға қолдау білдіріп, демеуші болған алғашқы және жалғыз компания болып табылады. Сонымен қатар компания Мармара және Балыкесир университеттерінің де «Зергерлік бұйымдар үлгілері» факультетінің демеушісі. Аталған факультеттің студенттері «Фавори» зергерлік фабрикасында тәжірибеден өтеді. Компания зергерлермен сатушыларға арналған сату шеберлігіне, клиентпен жұмыс және маркетингтік іс-әрекеттерге қатысты әр түрлі кітаптар шығарады.

Айта кету керек, Қазақстандағы зергерлік өнеркәсіптің даму мүмкіншілігі үлкен. Республикамыздың барлық аймақтарындағы 190 алтын кен орындары бар және олар еліміздің шығысындағы Алтайда, Қалба жотасы шеңберінде, солтүстік-батысындағы Жетіқара өңірінде өндіріледі.

Қазақстандағы ең ірі кен орны – «Варваринск» кешені 1979 жылдан бері өндіріле бастаған. Ол алтынның нақтыланған қоры бойынша әлем елдерінің бірінші ондығына, ал өндірісі бойынша – үшінші ондығына кіреді. Еліміздегі екінші ең ірі алтын өндіруші кен орны – «Бақыршық». «Бақыршық» алтын кешеніндегі қор 326 тонна деп барланып отыр. Сондай-ақ, «Ақсу», «Жолымбет», «Бестөбе», «Васильков» кен орындары да қоры жөнінен тек Қазақстанда емес, Орта Азия өңірі бойынша алдыңғы орындардың бірінде. Көкшетау маңындағы «Васильков» алтын кешеніндегі зерттеліп, анықталған алтынның қоры 370 тоннаға жуық [8].

Қазіргі таңда еліміздегі үш бірдей бағалы металдарды аффинаждаушы зауыт: «ҚазЦинк», «Қазақмыс», «Тау-Кен Алтын» жылына 130 тонна алтын шығаруға қауқарлы. «Тау-Кен Алтын» зауыты соңғы екі жылда Ұлттық банкке 18 тонна алтын өндіріп берген. Негізгі аталған зауыт жылына 70 тоннаға дейін құйма алтын өндіруге мүмкіндігі бар. 2020 жылға қарай «Тау-Кен Алтын» зауыты жылына 25 тоннаға дейін өнімді шығаруды көздеп отыр [9].

Екінші бір маңыздылығы бар мүмкіншіліктердің бірі – ол елімізде зергер бұйымдарына деген сұраныстың жылдан-жылға артуы. Сонымен қатар, оңтайлы жағдайдың бірі – ол зергерлік саланың дамуындағы көшбасшы болып келе жатқан Түркия, БАЭ, Италия секілді елдерде алтын және күміс қорларының жоқтығында болып отыр. Сондықтан, Қазақстан үшін өз уақытында зергерлік өндірістің әлемдік нарығына кіруі, 60 миллионнан астам адамы бар Орталық Азия елдеріне дайын өнімді экспорттаудың шынайы мүмкіншілігі мол.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, отандық зергерлік өндірістің қазіргі жағдайын зерттей келе, келесідей қорытынды жасауға болады. Қазіргі таңда отандық зергерлік өндіріс саласы толықтай стагнациялық қатар алдында тұр. Қазіргі таңдағы басты міндеттердің бірі –

оны қарқынды дамыту. Қойылған мақсатқа оңтайлы жетістікпен жету үшін, тиімді ұйымдық-экономикалық басқару механизмін өңдеу қажет. Сонымен қатар өзге елдер тәжірибесі көрсеткендей, зергерлік өндіріс саласының дамуы – мемлекеттік басқару органдарымен, ғылым және бизнеспен тығыз байланыста болуымен ғана жүзеге асырылады.

Түркия Республикасының зергерлік саласындағы даму тәжірибесі көрсеткендей, ұлттық зергерлік өнеркәсіптің дамуына оңтайлы жағдай жасау, мемлекет тарапынан инвестиция жасау, ішкі нарықты қорғау және отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет.

Осыған байланысты мемлекеттік саясаттың белсенділігі зергерлік саласын дамытуда келе-сідей іс-шараларды жүзеге асыруы тиіс:

- ♦ отандық зергерлік өнеркәсіпті дамыту концепциясын құру;
- ♦ зергерлік өнеркәсіпті Қазақстан өнеркәсіптерінің дамуындағы басым бағыттарына енгізу, себебі зергерлік өндірістің басым бөлігін кіші және орта бизнес буындары қамтиды;
- ♦ зергер-шеберлерді, дизайнерлерді даярлауға арналған мамандандырылған оқу орындарын ашу;
- ♦ зергерлік өнеркәсіп мамандарын даярлау үшін сертификатталған курстар ашу және мамандарды жергілікті колледждермен кәсіби училищелерде дайындауды қамтамасыз ету;
- ♦ Түркістан қаласындағы «Балаларды қолданбалы өнерге үйрету мектебі» сияқты мектептерді Қазақстанның барлық аймақтарында ашу;
- ♦ еліміздің барлық аймақтарында зергерлік бұйымдар бойынша отандық және халықаралық көрмелер ұйымдастыру;
- ♦ дизайнер, зергер мамандықтарын белсенді жарнамалау;
- ♦ мектептерде еңбек сабақтарында зергерлік өнерді үйрету;
- ♦ жергілікті әкімшіліктер зергерлік шеберханаларды ашу үшін және сертификатталған курстарды, сауда залдарын орналастыру үшін ғимараттармен қамтамасыз ету;
- ♦ зергерлік бұйымдарды өндіретін және экспорттаумен айналысатын кәсіпорындарға қаржылай қолдау көрсету;
- ♦ ішкі нарықтағы бағалы тастармен қымбат металдардың сатылуын заңдастыру;
- ♦ импортталған зергерлік бұйымдарды мемлекеттік сынама палатасынан өткізу;
- ♦ зергерлік өнеркәсіпке қажет құрал-жабдықтарды шет мемлекеттерден тасымалдауды кедендік реттеу;
- ♦ асыл және жартылай асыл тастарды өңдейтін кәсіпорындарды ашу;
- ♦ отандық зергерлік саланы қаржыландыру мақсатында инвесторларды тарту.

Жаһандану жағдайындағы экономикалық дағдарыстағы Қазақстанның зергерлік өндіріс саласының дамуы әлеуметтік салаға өте жоғары әсер етеді. Себебі зергерлік кәсіпорындар жоғары технологияларды қажет етпейді және энергияны аз қажет ететіндіктен, аталған саланы инвестициялау рентабельді және тиімді болып табылады. Және зергерлік бұйымдар өнеркәсібі көп еңбекті қажет ететіндіктен көптеген жұмыссыздарды осы салаға тартуға мүмкіндік береді, оның ішінде тұрғындардың әлеуметтік жағдайы төмен адамдарды жұмыспен қамтуға болады. Нәтижесінде еліміздегі, әсіресе шағын қалалар мен ауылды жерлердегі жұмыспен қамтылғандар саны артып, жұмыссыздық азаяды, тұрғындардың өмір сүру деңгейі артады. Қазақстанда зергерлік өндіріс саласының қарқынды дамуының арқасында әсіресе, кіші қалалар мен ауылдық аймақтарда халық тиімді жұмыспен қамтамасыз етіледі. Жұмыспен қамтылған халықтың құрылымында өзін-өзі жұмыспен қамтитындардың үлесі артуы мүмкін. Зергерлік саланың дамуының арқасында елімізде инвестициялық тартымдылық артады, франчайзингтің дамуына жағдай жасалады, шетел инвесторларының қатысуымен бірлескен кәсіпорындардың саны көбейеді. Зергерлік өндірістің дамуымен экспортталатын өнімдердің тізімінде жаңа атаулар пайда болады және соған сай мемлекеттің экспорттық әлеуеті ұлғаяды. Отандық экономикада құрылымдық өзгерістер болады, мемлекеттің ЖІӨ-де кіші және орта бизнестің үлесі артады. Зергерлік бұйымдар өндірісінің дамуы интеллектуалды шығармашылық қызметтің жаңа бағыттарының қалыптасуына ықпал ететін болады. Ең бастысы, жаңа технологиялармен, үздік шеберлікпен және қазіргі заманға сай нақышпен үйлескен бай мәдени мұраның туындауына мүмкіндік беретін болады. Сондай-ақ, зергерлік саланың дамуы нәтижесінде халықаралық көрмелерінде отандық өнімнің ассортименті кеңейеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бүкіл әлемдік Алтын Кеңесі: www.gold.org.
- 2 Үндістан экономика министрлігі. 2017.
- 3 Қытай экономика министрлігі. 2017.
- 4 Ресей экономика министрлігі. 2017.
- 5 Туркия экономика министрлігі: <http://www.economy.gov.tr>.
- 6 ҚР статистикалық агенттігі. – Астана – 2016–2017.
- 7 Коньрова К. Недрам обозначили перспективу // Казахстанская правда. – 2014. – № 46(27667). – С. 8.
- 8 Ydydrys S.S., Munasipova M.E. Preconditions for the economic development of the jewelry and its legal aspects in the republic of Kazakhstan // Journal of advanced research in law and economics. – 2016. – Volume VII, issue 4(18). – P. 955–958.
- 9 Елмұратов Н. Алтын-күміс өндірісі өрге басып тұр // Егемен Қазақстан. – 2016. – № 49(28777). – Б. 9.

Аннотация

С начала бронзового века золото стало символом силы и богатства; этот неокисляющийся металл, легко обрабатываемый и обладающий блестящим желтым цветом, не теряющимся в обычных условиях, занял особое место в истории ювелирного дела. В настоящее время ювелирная отрасль является одной из динамично развивающихся отраслей в мире. Несмотря на неблагоприятную обстановку в мире, ювелирная отрасль является одной из динамично развивающихся отраслей в мире. В настоящее время ювелирная отрасль Казахстана находится в состоянии полной стагнации. Казахстан как страна, входящая в «десятку» мировых обладателей золота, на внутреннем рынке представляет только 10% всей ювелирной продукции, остальные 90% поступают из зарубежных стран-экспортеров готовых ювелирных изделий. В этой связи интенсивное развитие ювелирной отрасли должно стать одной из важных задач. Для успешного решения поставленной задачи необходимо усовершенствовать действующие и разработать более эффективные организационно-экономические механизмы управления. В статье произведена оценка современного состояния ювелирной отрасли Казахстана, сравнительный анализ развития данной отрасли с развитыми странами, выявлены проблемы, которые сдерживают ее развитие, разработаны эффективные механизмы развития данной отрасли.

Ключевые слова: золото, серебро, ювелирные изделия, ювелирная отрасль, экспорт, импорт, сравнительный анализ, развитие.

Abstract

Since the beginning of the Bronze Age, gold has become a symbol of strength and wealth; it is easily processed and has a brilliant yellow color that is not lost under normal conditions and occupied a special place in the history of jewelry. Currently, the jewelry industry is one of the fastest growing industries in the world. Despite the unfavorable situation in the world, the jewelry industry is one of the fastest growing industries in the world. Currently, the jewelry industry in Kazakhstan is in a state of complete stagnation. Kazakhstan, as a country that is among the world's top ten gold owners, represents only 10% of all jewelry products on the domestic market, the remaining 90% comes from foreign countries exporting finished jewelry. In this regard, its intensive development should be one of the important tasks. To successfully accomplish the task, it is necessary to improve the existing and develop more efficient organizational and economic management mechanisms. The article assesses the current state of the jewelry industry in Kazakhstan. A comparative analysis of the development of this industry with developed countries is made. This article also reveals problems that hinder its development and suggest effective mechanisms for the development of this industry.

Key words: gold, silver, jewelry, jewelry industry, exports, imports, comparative analysis, development.